

Дәріс № 6. Сыртқы саясатта анализ: танымы, ұғымы.

Дәріс жоспары:

- 1.Сыртқы саясат танымы және мақсаттар.
- 2.Мемлекеттердің сыртқы саясат стратегиялары.
- 3.Мемлекеттердің сыртқы саясат құралдары.
- 4.Сыртқы саясатқа ықпал етуші факторлар.

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін сыртқы саясат ұғымының танымын жасай алады. Мемлекеттің сыртқы саясат стратегияларын анықтай алады. Мемлекеттің сыртқы саясат құралдарын сыныптандыра алады. Сыртқы саясатқа ықпал етуші факторларды түсінеді. Сыртқы саясатта шешім қабылдаушы моделдердің атын атап, түсін түстей алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, сыртқы саясат үдерісі, изоляционизм, тарапсыздық/қосылмаушылар, одақтар, отократия, меркантилизм, дипломатия, рационализм, құрылымдаушы модель, бюратиялық модел секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні:

- 1.Сыртқы саясат танымы және мақсаттар.

Тәуелсіз мемлекеттер халықаралық жүйенің ішіндегі өзге мемлекеттермен дипломатиялық, экономикалық, мәдени және әскери секілді көптеген бағыттарда өзара ынтымақтастық пен ықпалдастық үдерісіне кіреді. Бұл үдерісті қалыптастыратын және оған қажетті бағыт-бағдарды беретін сыртқы саясат органы болып табылады. Әр мемлекеттің атазаңында сыртқы саясатқа бағыт-бағдар беретін органдар мен мекемелер аталған, әрі олардың міндеттері мен атқарар функциялары көрсетілген. Мемлекеттердің басқа мемлекеттерге қатысты байланыстарында алынған шешімдер мен іс-әрекеттердің барлығы сыртқы саясат айдары аясында зерттеуге алынады.

Жалпы сыртқы саясат еңбектері екі түрлі ұғымның зерттелуін талап етеді. Бұлардан алғашқысы *сыртқы саясат үдерісі*, екіншісі *сыртқы саясат*. Сыртқы саясат үдерісі деп бір мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастырар кездегі және оны жүзеге асырар кезде жүріп өткен барлық кезеңдерін атайды. Әрбір мемлекеттің сыртқы саясат үдерісі өзгелерінен ерекше болуы мүмкін. Кейбір мемлекеттерде Сыртқы Істер Министрлігіне басымдылық берсе, кейбір мемлекеттерде өзге министрліктердің де үлесі болады. Кейбір мемлекеттер сыртқы саясат шешімдерін қабылдамастан бұрын алдын ала мұқият барлау жүргізсе, кейбір мемлекеттер бұндай барлау жүргізетіндей мүмкіншілігі болмағандықтан тек қолында бар ақпараттарға сүйеніп шешім қабылдайды.

Сыртқы саясат жоғарыда атап өткеніміздей сыртқы саясат үдерісінің бір нәтижесі. Сыртқы саясаттың әртүрлі танымы жасалуда. Бір таным бойынша сыртқы саясат «бір мемлекеттің, өзінің шекаралары тысындағы қоршаған ортамен өзара әсерлесуі және осы әсерлесуді жүргізу үшін ұнатқан саясаттың жиынтығы болып табылады». Бұл таным бойынша сыртқы саясат көптеген тақырып пен акторды **қамтитын** кең саланы **қамтиды**. Басқа бір зерттеуші сыртқы саясатты «мемлекеттердің халықаралық жүйедегі жұмыстарына жетекшілік жасау мақсатында қолданған стратегиялар» деп танытуда. Сыртқы саясат мемлекет қайраткерлерінің белгілі бір жағдайға байланысты анықтаған мақсаттары және осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қолданған құралдарды нақтылау болып табылады.

Мемлекеттердің сыртқы саясат нәтижелері, сонымен қатар әртүрлі талдау деңгейлерінде басым болған көптеген факторлардың бір қортындысы болып табылады. Бұл нәтижелер, көбінесе шешім қабылдаушылардың тұлғалық ерекшеліктерінен, өмір сүрген ортасынан, сол елдің саяси режимінен, халықаралық және жахандық ортадан әсерленеді. Алайда сыртқы саясат еңбектері әдетте елдің ішінде басым болған факторларға мән бергендіктен, жеке тұлға мен мемлекет деңгейлері ең жиі кездесетін талдау деңгейлері болып табылады.

Сыртқы саясат талдауларында ең көп қолданылатын тәсілдердің біреуі де әртүрлі елдердің сыртқы саясатын салыстыру. Салыстырмалы сыртқы саясат талдаулары, бірдей қоғамға не саяси режимге ие мемлекеттердің сыртқы саяси ұстанымдарының да бірдей болып болмағанын зерттеу мақсатын ұстанады. Бұл зерттеулер әдетте мемлекеттердің үш ерекшелігіне мән беруде: ірілігіне(үлкен және шағын мемлекеттер), ауқаттылығына(бай және кедей мемлекеттер) және режим түріне(демократиялық және авторитарлық режимдер). Бұл салыстырулар, белгілі бір ерекшеліктерге ие мемлекет не қоғамның соғысқа не болмаса бейбітшілікке қаншылықты бейім

екенін анықтауды мақсат етеді. Әсіресе қырғи қабақ соғыс кезінде көптеген салыстырмалы сыртқы саясат талдауы капиталист қоғам ба әлде коммунист қоғам ба соғысқа әлдеқайда бейім екенін зерттеген, алайда бұл тақырыпта нақты бір үкім шығару мүмкін болмаған. Қортындылай келе, саяси мәдениет пен тарихи факторлардың мемлекеттердің сыртқы саясаттарына әсерлерін зерттеген еңбектерді жиі кездестіруге болады.

Мемлекеттердің сыртқы саясат мақсаттары

Бір мемлекеттің сыртқы саясат мақсаттары, ең алдымен сол мемлекеттің өмірлік маңызы бар, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мүдделерін қорғауға бағытталған.

Өмірлік маңызы бар мақсаттар

Бір мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерінің басында елдің қауіпсіздігі, экономикалық күш және саяси тәуелсіздік тұрады. Мемлекеттер, идеологиялық бейімі қандай болса да жүйеде өмір сүру үшін осы мақсаттарын жүзеге асыруға тырысады. Сыртқы саясат та осы мақсаттарға қызмет ететін бір құрал ретінде қолданылады.

а. **Қауіпсіздік:** Мемлекеттердің өмірлік маңызы бар мүдделерінің біреуі қауіпсіздік болып табылады. Мемлекеттер ұлттық қауіпсіздікке төнуі мүмкін ішкі(көтеріліс, сепаратизм, төңкерістер, революция секілді) және сыртқы(қарулы басқыншылық, агрессия секілді) қатерлерге қарсы алдын ала көптеген шара қабылдайды. Мысалға, Стамбул мен Чанаккале бұғаздары Түркияның сыртқы қатерлерге ұшырауына себеп болатын географиялық фактор. Тарих бойынша Ресей империясының, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Кеңес Одағының Бұғаздарға қатысты ниеттері Түркияның үлкен армияны үнемі дайын ұстап тұруға және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін НАТО одағына кіруіне себеп болған.

Қатерлер тек бір мемлекеттің территориялық тұтастығына бағытталуы шарт емес. Бір мемлекеттің ұстанған пікірлер не болмаса идеологияға қарсы шабуылдарды да қауіпсіздік қатері ретінде топтастыруға болады. Қырғи қабақ соғыс кезеңі, АҚШ пен Кеңестер Одағы арасында осындай идеологиялық қатердің болған кезеңі деуге болады.

Бүгінгі күні жахандандудың және технологиялық дамудың ықпалымен жаңа қатер түрлері де пайда болды. Бұл қатерлер мемлекеттің тұтастығы мен саяси режимді нысанаға алған қатер емес, жалпы қоғамды нысанаға алған қатер болып табылады. СПИД секілді әлемге жылдам жайылып жатқан аурулар, қоршаған ортаның ластануы, есірткі саудасы секілділерді жаңа қатерлердің қатарына жатқызуға болады. Классикалық қатерлерден сақтану мақсатымен жетілдірілген құралдар мен стратегиялар жаңадан шыққан мұндай қатерлерге қарсы табысты болуы мүмкін емес. Сондықтан жаңа құрал мен стратегияларды жетілдіру қажеттілігі туындауда.

б. **Экономикалық күш:** Мемлекеттердің өмірлік маңызы бар мүдделерді қорғауға бағытталған маңызды күші де экономикалық күшін көтеруге байланысты. Экономикалық факторлардың екі тұрғыдан маңызды екенін айта кеткен жөн. Біріншісі, экономикалық күш, ұлттық күштің бір элементі және ұлттық күшке үлес қосқан ең маңызды факторлардың біріншісі болып табылады. Екіншісі, экономикалық күш молшылықтың қайнар көзі.

Экономикалық дамудың және өнеркәсіптену деңгейі, мемлекеттің сыртқы саясат мақсаттарын анықтауда және сол мақсаттарды жүзеге асыруда маңызды фактор болып табылады. Мемлекеттердің әлемдегі саясаты экономика саласындағы ролі, экономикалық дамуымен тікелей байланысты. Дамыған елдердің ұлттық мүдделері көбінесе өз шекараларын асқан мүдделер болып келеді. Бай елдер осы мүдделерін ұстап тұратын және қорғайтын құралдарға әр уақыт ие болғысы келіп тұрады. Дамыған өнеркәсіпке ие және жахандық экономикада басым болған мемлекеттердің әскери тұрғыда да күшті болуы кездейсоқ болып отырған жайт емес. Өйткені, әскери күш экономикалық әлеуеттің бір функциясы болып табылады. Тарихи тұрғыда қарайтын болсақ, әлемдегі мемлекеттердің арасында тек ғылыми және экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттер ғана ядролық немесе жаппай қырып жоятын қаруларды жетілідіре алған. Сонымен қатар, АҚШ-тың 2003 жылында Иракты басып алуы кезінде байқалғандай әскери күш тек қарулардың немесе әскери персоналдың жиынтығы емес. Бүгінгі әскери күш, осы факторлармен қоса ғарыш, информатика, телекоммуникация және технологияның көптеген дамыған құралдарын бір мезгілде қолдануды талап етуде. Бұндай құралдарды пайдалану да экономикалық тұрғыда даму деңгейіне тікелей байланысты екені көрініп тұр.

II-дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ пен КСРО-ның екі супер күш ретінде пайда болуы, ең алдымен бұл мемлекеттердің әскери және экономикалық күшке ие болудың нәтижесі. Бұл мемлекеттердің ұстанған империалист және араласу саясаттары қол астында ие болған экономикалық өркенит және шикізат көздерімен нығайтылды.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуымен бірге көптеген жазушылар, экономикалық бәсекелестіктің күш саясатының орнына өтетінін алға тартты. Бұл болжам толықтай іске аспаса да экономикалық алаңдаушылық мемлекеттің сыртқы саясатында өзекті тақырыптардың біріне айналды (Kegley ve Witkopf, 1995: 199). Тіпті кейбір жазушылар, геоэкономиканың геополитиканың орнын алмастыра бастағанын пайымдады.

Экономикалық тұрғыдан әлсіз мемлекеттер де сыртқы саясаттарын осы шындыққа қарай ұйымдастыруға мәжбүр болды. Бұл мемлекеттер сыртқы саясатта әдетте тәуелді болған бай мемлекеттердің қалауларына қарай әрекет етуде, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуде қиналуда еді.

Экономикалық факторлардың сыртқы саясат тұрғысынан өзге де маңызды жағы мемлекеттердің өз халықтарының тұрмыс-тіршілік жағдайларын барған сайын көтеру қалауынан туындауда. Бүгінгі әлемде мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін сақтау міндетіне қосымша түрде халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті де жүктелгені туралы сенім жылдам таралуда. Тіпті кейбір либерал ойшылдар, әл-ауқат ұлттық қауіпсіздіктен де бұрын тұр деп санайды. Қазіргі уақытта жиі естіп жүргеніміз **әл-ауқатты мемлекет** ұғымы, мемлекеттің негізгі жауапкершіліктерінің арасында халықтың әлеуметтік қызметтерге қол жетімді болуын қамтамсыз ету, экономикалық өрлеуді және тиімділікті арттыру секілді міндеттерді қамтиды.

Көптеген либерал ойшылдар, халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатымен мемлекеттің сауда жасауын жақтауда. Бұл да әлем саудасының еркіндігін қажет етуде. Бірақ кейбір экономистер мен саясаттанушылар, еркін сауданың ұзақ мерзімде тең емес экономикалық байланысқа себеп болатынын айтуда(бұл тақырыптағы айтыс үшін 4- бөлімге қараңыз).

с. **Саяси тәуелсіздік(Автономия):** Саяси тәуелсіздік, бір мемлекеттің өзінің ішкі және сыртқы саясатын ешқандай ықпалға қалмай жүргізуін және іс асыра білуін айтады. Мемлекеттердің саяси тәуелсіз болуы дегеніміз өз мүдделерін, мақсаттарын және іс-қимылдарын басқа бір мемлекеттің ықпалы, мәжбүрлеуі және басқаруы болмастан анықтай алуы.

Бұдан бұрынғы бөлімдерде айтылғандай, егемендік қағидасы мемлекеттердің автономиясының да заңдық негізін қалауда. Халықаралық жүйеде мемлекеттер заңдық тұрғыда егемен, тең болып есептеледі. Бірақ іс жүзінде мемлекеттер әскери, саяси және экономикалық тұрғыда тең болмағаны шындық.

Мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін жалғастыруы үшін ең маңызды құралдары әскери, ғылыми және экономикалық күштерін арттыру, шетелге және шикізатқа тәуелділікті азайту және өз өнімдері үшін әртүрлі нарықтар табу деуге болады. Бірақ мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін қамтамсыз ету әрекеттеріне қарамастан, бүгінгі күні мемлекет егемендігінің өзгеріске ұшырағаны шындық. Егемендікке қатысты шектеулер мемлекеттің келісім шарт арқылы өз еркімен қабылдаған шектеулер(мысалға Еуропа Одағындағы ұлысүстілік), технологиялық дамуларға байланысты мемлекеттердің ризашылығының тысында да болып жатқан шектеулер де болуы мүмкін(мысалға интернеттің таралуы).

Орта мерзімді мақсаттар

Мемлекеттің жоғарыда атап өтілгеннің тысында халықаралық жүйеде орта мерзімде жетуге тырысқан кейбір мақсат-мүдделері де бар. Бұл мақсаттардың басында ең алдымен, мемлекеттің халықаралық жүйедегі статусын және имиджін күшейту әрі сақтау келеді. Мемлекеттер тарих бойынша тек қауіпсіздіктерін немесе тәуелсіздіктерін қорғау мақсатын ұстанбаған, сонымен қатар жүйедегі статусы мен имиджін қорғау мақсатына да ие болған. Осылайша мемлекеттер өзгелерден құрмет пен ілтипат күткен.

Мемлекеттер, әдеттегідей әскери күшті статус пен имидж көзі ретінде қолданған. Бүгінгі күні мемлекеттердің арнайы мейрам күндерінде әскери шеру ұйымдастыру арқылы әскери күштерін көрсетеді. Әскери күш әскери мақсаттан бұрын көбіне беделге ие мақсаттарына қызмет жасайды. Осылайша мемлекеттер, өзгелерге әскери тұрғыда қаншалықты күшті екендерін және әртүрлі шабуылға қарсы тойтарыс бере алатындай қауқарға ие екенін көрсетуге тырысуда.

Бүгінгі күні әскери күш көрсету бедел мен статустың тек көзі емес. Мемлекеттер басқа кейбір құралдар арқылы жүйедегі беделдерін арттыруға тырысуда. Бұлардан алғашқысы білім мен технологиядағы көшбасшылық. Қырғи қабақ соғыс кезінде АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы бақталастық ғарышқа дейін барған және екі мемлекет ғарыш жұмыстарына өте көп қаржы бөлген. Осы ғарыш жұмыстары, көбіне мемлекеттердің әскери бақталастықтың бір бөлігі болса да мемлекеттерге халықаралық жүйеде қол жеткізген бедел мен мәртебесін жоққа шығармайды. Ресейдің қырғи қабақ соғыстан кейін де шектеулі мүмкіншіліктеріне қарамастан ғарыш

бағдарламасын қолдауын жалғастыра беруін тек беделге байланысты болғандықтан деп түсіндіруге болады.

Мемлекеттердің мәдени және спорттық іс-шаралары да ұлттық мәртебені арттыру құралы ретінде қолдануда. Әсіресе, әдебиет, өнер мен басқа мәдени іс-шаралардағы табыстар сонымен бірге мемлекеттің халықаралық бейнесін асқақтатқан жұмыстар болып табылады. Спорт жарыстары мемлекет тарапынан жиі жиі бедел жинау құралы ретінде қолданылады. Мемлекеттер әлемге аты шыққан Әлем Кубогы немесе Олимпиада ойындары секілді іс-шараларда жеңіске жету үшін көптеген қаржы бөледі. Қырғи қабақ соғыс кезінде ұйымдастырылған олимпиада ойындарының көпшілігі АҚШ пен Кеңес Одағы арасында шоуға айналуының себебі бедел жоғалтып алмаудың нәтижесі еді. Әсіресе шағын ел спортшыларының мұндай жарыстарда қол жеткен табыстары мұндай елдің жүйеде танылуына және құрметке бөленуінде өте үлкен үлесі бар(Holsti, 1995: 107-108). Мұндай іс-шаралар өткізуші ел үшін де сый-құрмет көзі болып есептеледі. Олимпиада ұйымдастырылатын елдерді тағайындау барысында ел басшыларының көрсеткен қайрат-жігерлері мен мемлекеттер арасындағы бәсекелестік, мәселенің саяси астарын көрсету тұрғысынан маңызды.

Спорттық іс-шараларға қосымша, мемлекеттер мәдени іс-шаралар арқылы да халықаралық құрметке, ілтипатқа бөлене алады. Мысалға жыл сайын әртүрлі категорияда берілетін Нобель сыйлығын жеңіп алған адам үшін қандай мақтаныш болса, елі үшін де дәл сондай мақтаныш. Мысалға, Орхан Памуктың 2006 жылында алған Нобель Әдебиет сыйлығы Түркияның танылуына және құрметке бөленуіне көп үлес қосты. Медальдың екінші жағында бұл сыйлықты беріп отырған Норвегия бар. Норвегия жыл сайын беріп отырған Нобель сыйлығы арқылы өздерінің қауіпсіздік мүддесіне де қызмет жасап отыр. Норвегия осы сыйлықты беру арқылы халықаралық аренада өздерінің бейбітшілікке және өркениеттің дамуына үлес қосушы мемлекет ретінде имиджін қалыптастыруда.

Мемлекеттердің сыртқы саясат жұмыстарының маңызды бір бөлігі халықаралық аренада құрмет пен мәртебесін нығайту мақсатын көздеуде. Осы мақсатта атқарылған іс-шаралар жоғарыда айтылғандармен шектелмейді. Мемлекеттер осындай іс-шараларға қомақты қаржы бөлуде және осылайша өмірлік маңызы бар мүдделерін де кепілдікке алуға тырысып жатыр.

Ұзақ мерзімді мақсат.

Мемлекеттердің ұзақ мерзімді кезеңде көптеген әртүрлі мақсаттары болуы мүмкін. Мемлекеттердің ұзақ мерзімді сыртқы саясат мақсаттарының бірі өзінің сенім жүйелерін немесе құндылықтарын тарату болып табылады. Қырғи қабақ соғыс кезінде АҚШ та, Кеңес Одағы да өз идеологияларын басқаларға тану үшін қатал бәсекеге түсті. 1979 жылғы Ислам революциясынан кейін Иранның сыртқы саяси мақсаттарының бірі де революцияны басқа мұсылман елдеріне экспорттау болды.

Мемлекеттердің өздерінің сенім мен құндылықтар жүйесін таратуға деген ұмтылысы көптеген себептерге байланысты болуы мүмкін. Біріншіден, мемлекеттер өздерінің жұмсақ күштерін осылайша арттыру арқылы көшбасшылық рөлді өз мойнына ала алады және жүйеде өзінің гегемониясын күшке жүгінбей сақтай алады.

Мемлекеттердің өз құндылықтарын басқаларға тануының артында экономикалық мақсаттар тұруы мүмкін. Бір елдің мәдени немесе идеологиялық құндылықтарын қабылдаған адамдар сол елдің тауарларын көбірек таңдайтыны анық.

Мемлекеттердің Сыртқы Саясат Стратегиясы

Мемлекеттер сыртқы саясаттарын белгілі бір стратегиялар төңірегінде қалыптастырады және сыртқы саясаттағы ұстанымдары мен бағыттарын осы стратегияларға сай жүргізеді. Осы сыртқы саясат стратегияларын сыртқы саясат тақырыбының сипатына қарай екі негізгі бағытта зерделеуге болады: қауіпсіздік және экономикалық стратегиялар.

Мемлекеттердің қауіпсіздік стратегиялары

Мемлекеттер қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көптеген стратегияға жүгінеді. Бұл стратегиялар қауіпсіздік әлсіздігін немесе қауіп ретінде қабылданған қатерлерді азайту мақсатына бағытталады. Бұл стратегияларды төмендегідей түрде топтастыруға болады.

Оқшаулану(Изоляционизм)

Оқшаулану стратегиясы, мемлекеттердің өздеріне бағытталған қатерлерді азайту немесе жою

мақсатында, өзгелердің істеріне араласпау немесе басқа мемлекеттермен әскери одаққа кірмеу қағидасына сүйенген стратегия. «Саяси және әскери стратегия ретінде оқшаулану, халықаралық жүйеге қатысты мәселелерге төмен деңгейде қатысу, өзге саяси субъектілер мен қауымдастықтармен ең төмен дәрежеде дипломатиялық немесе сауда байланыстарын құру, сонымен қатар өзге мемлекеттерге қарсы қандай да болсын әскери әрекетке қатыспау және оларға қандай да болсын әскери артықшылық тану мәселесінде құлықсыздық көрсету ретінде сипаттауға болады». Мемлекеттердің мұндай стратегияларды қабылдаудың астарында потенциалды дұшпанның көңіл аударуынан қашу мақсаты жатыр.

Бұрын географиялық ерекшеліктер мемлекеттердің оқшаулану саясатын ұстануын жеңілдеткен ең маңызды факторлардың біреуі болды. Асқар таулар немесе жан-жағы теңізбен қоршалған я болмаса ұшы қиыры жоқ шөлейт далаға ие мемлекеттер потенциалды дұшпандарын тежейтін функция атқарып, бұл мемлекеттердің оқшаулану саясат ұстануын жеңілдеткен. 16 ғасырдан 19 ғасырдың соңына дейін Жапония, 1800 жылдың басынан II-дүниежүзілік соғысқа дейін АҚШ, географиялық шарттардың да көмегімен оқшаулану саясатын жетістікпен іске асыра білді.

Оқшаулану саясатын жүргізген елдер, өзге мемлекеттермен болған байланысын минимум деңгейде ұстап, әрі өз ішінде автономды саясат ұстанса әрі сыртқы қатерлерді минимум деңгейге төмендетуге тырысқан. Бірақ бүгінгі күні мұндай стратегияны жүргізу барған сайын қиындап бара жатыр. Әсіресе жахандану мен технологиялық даму мемлекеттерді күн өткен сайын өзара тәуелді жағдайға келтіруде. Олардың оқшау түрде өмір сүруін қиындатуда. Оқшаулану саясатының ең үлкен шығыны экономикалық салада байқалады. Мұндай стратегияны жүргізген елдер сыртқы жәрдем немесе сыртқы сауда арналарын толықтай жапқан үшін экономикалық тұрғыда нағыз құлдыраудың алдында тұрады. Қырғи қабақ соғыс кезінде Бирма мен Албания осы стратегияны ұстанды, алайда нәтижеде экономикалық күйреу орын алды.

Өзіне-өзі жеткілікті:

Мемлекеттердің сыртқы саясаттағы ұстанатын қауіпсіздік стратегиясы - өзін-өзі қамтамасыз ету, яғни өзіне өзі жеткілікті болу. Өзгелермен әскери одаққа кірмеу және басқалардан көмек алмау тұрғысынан жалғыздық саясатына ұқсас өзін-өзі қамтамасыз ету стратегиясы кейбір аспектілерде жалғыздық саясатынан ерекшеленеді. Жалғыздық саясаты мемлекеттің басқа елдермен қарым-қатынасын минималды деңгейге дейін ұстап тұру немесе оны толығымен кесу арқылы ықтимал жаулардың назарында болмауға бағытталған. Өзін-өзі қамтамасыз ету стратегиясы, мемлекеттің қарулануына мүмкіндік бере отырып, потенциалды дұшпандарды тежеу мақсатын ұстанады. Стратегияның бұл түрін ұстанған мемлекеттер ешқандай әскери альянсқа, одаққа қосылмайды және өздерінің әскери қабілетін арттыруға тырысады.

Жалғыздық саясаты, бір мемлекеттің өзге барлық мемлекеттермен әртүрлі байланысты үзу деген мағынаны білдіреді. Өзіне өзі жеткілікті саясаты болса өзге мемлекеттермен әскери байланыс жасамауы және мемлекеттің өз әскери әлеуеті тұрғысынан басқа мемлекеттерге тәуелді болмауы деген мағынаны білдіреді.

Бейтарап және Қосылмаушылық

Бейтараптық, бір мемлекеттің басқа мемлекеттер арасындағы қақтығыстарға қосыламауына немесе қақтығыста тараптар болмауына мүмкіншілік беретін құқық және саяси жағдай.

Техникалық тұрғыдан тарапсыздық ұғымы, бір мемлекеттің соғыс жағдайында құқық статусын көрсету үшін қолданады. «Соғыс кезінде тарапсыздық, екі немесе одан да көп мемлекеттер арасындағы соғыста бір мемлекеттің соғысушы тараптарға көмек көрсетпеуі және соғыстың тысында қалу арқылы қол жеткізген саяси және құқық жағдай». Бұндай жағдайда тарапсыз мемлекет, соғысушы мемлекеттермен бейбітшілік кездегі халықаралық құқық қағидаларына сай түрде қарым-қатынастарын жалғастыра береді.

Бұл тұрғыда тарапсыз мемлекет пен ұдайы тарапсыз мемлекет арасын ажыратып алуымыз керек. Тарапсыз мемлекет, қандай да аймақтық немесе халықаралық қақтығыста тек тарапты түрде тарапсыз қалатынын жариялайды және бұл көбіне саяси жағдай болып табылады. Кейде үлкен державалар бір мемлекетті ұдайы тарапсыз мемлекет статусына қоюы мүмкін. Ұдайы тарапсыз мемлекет, өзге барлық мемлекеттер сияқты тәуелсіз әрі егемен мемлекет, алайда соғыс кезінде қақтығысқа тарап болмағаны секілді, бейбітшілік заманда да одақтық келісім-шарттарға қосылмау міндеті жүктелген.

Ұдайы тарапсыздық құқықи жағдай және өзге барлық мемлекеттер бұндай жағдайға құрмет көрсетуі тиіс. Ұдайы тарапсыздық статусындағы мемлекеттердің жауапкершіліктері өзге мемлекеттер арасындағы қақтығысқа тарап болмаумен қатар әскери одақтарға кірмеу, өзінің территориясын өзге мемлекеттердің әскери мақсаттарға пайдалануына рұқсат бермеу секілді жауапкершіліктерді де қамтиды. Еуропалы күштер 1815 жылы Швецарияны, 1831 жылы Бельгияны, 1867 жылы Люксембургты ұдайы тарапсыз мемлекет жариялады. 1955 жылында да одақтас мемлекеттер Австрияға ұдайы тарапсыз мемлекет статусын берді.

Қосылмаушылық, тарапсыздықтан бөлек ерекше ұғым болып табылады. Алғаш рет бір топ үшінші әлем елдері 1950 жылдары Шығыс және Батыс блоктары арасында қырғи қабақ соғыс бақталастығы кезінде өздерінің ұстанымдарын көрсету үшін қолданған. Көшбасшысында Мысыр, Үндістан және Югославия болған бұл елдер толықтай тарапсыз мемлекеттер емес еді. Өз араларында және өзге мемлекеттермен көптеген әскери және экономикалық келісім-шарттар жасап, ұйымдарға мүше болған. Мысалға, осы топтың ішінде болған Үндістан мен Кубаның Кеңес Одағымен қауіпсіздік келісім-шарттары бар. Бұл елдердің тарапсыздығы тек қырғи қабақ соғыстың НАТО мен Варшава секілді екі бақталас әскери одағына кірмеумен ғана шектеулі еді. Қосылмаушылар қозғалысы, негізінен супер күштердің өзара күресіне қызмет етпеу мақсатын ұстанған мемлекеттерден құралған босаң коалиция еді. Алайда іс жүзінде толықтай тарапсыз болды деп айтуға болмайтын еді. Тарапсыздық қағидасы, мұндай статусқа ие елдердің тәуелсіздіктері мен егемендіктерін шектесе, қосылмаушылықта мұндай шектеу жоқ еді.

Одақтар

Мемлекеттердің қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында жүргізген сыртқы саясат стратегияларының біреуі де одақтарға мүше болу. Бір мемлекеттің қауіпсіздіктегі осалдығы мен қатерлерін барынша азайту мақсатымен ұстанған кең таралған стратегиялардың біреуі де өзінің әскери күшін арттыру болып табылады. Бұл стратегия тек мемлекеттің өз мүмкіншіліктерімен ол жеткізе алатын жағдай емес. Мемлекеттер көбінесе өзгелердің көмегіне мұқтаждық сезінеді. Сонымен қатар, әскери одақтар жүйеде күш тепе теңдігін қалыптастырудың ең маңызды құралдардың біреуі болып табылады. Қырғи қабақ соғыс кезеңінде құрылған НАТО мен Варшава пакты күш теп-теңдігін қамтамасыз ету мақсатымен құрылған әскери одақ.

Одақтар, «бір топ мемлекеттің, нақты өзге мемлекет немесе мемлекеттер тобына қарсы мүшелерін күшейту не болмаса қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатына бағытталған және ресми түрде құрылған топ» ретінде сипатталады. Мемлекеттер одақтар арқылы күштерін біріктіріп өзге мемлекеттермен болған қарым-қатынастарында әлдеқайда көп ықпал ие болысы келеді. Одақтар, әсіресе шағын мемлекеттер үшін ең маңызды күш факторы болуы мүмкін, ал үлкен мемлекеттер үшін одақтар жүйеде күштің құрылымын қалыптастыру тұрғысынан маңызды.

Одақтар негізінен қауіп ретінде қабылданған қатерге қарсы құрылады. Егер бір мемлекеттің күші жүйедегі басқа мемлекеттердің күшін аса бастаса мемлекеттер осы көтеріле бастаған күшті теңестіру мақсатымен одақтар құра бастайды. Былайша айтқанда, одақтар анархиялық халықаралық жүйеде потенциалды басқыншылардың күшін теңестіру құралы болып табылады.

Одақтардың ең маңызды пайдасы, мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін арттыру. Одақтардың қауіпсіздік пайдасы үш бағытта өздерін көрсетті. Біріншісі, одақтар басқыншыларды *тежеу* функциясын атқарады. Екіншіден, шабуыл болған жағдайда одақтар өз мүшелерін *қорғау* күштерін арттырады. Ең соңында одақтар, мүше мемлекеттің дұшпанымен әлгі мемлекет мүше болған одақ арасында қандай да болсын ынтымақтастықтың болуына жол бермей, дұшпанды оқшауландыру мақсатында жұмыс істейді.

Одақтардың болымды жағымен қатар кейбір болымсыз жақтары да бар. Алдымен, бір мемлекеттің одаққа мүше болуын қажет еткен талаптар кейін өзгеруі мүмкін және одаққа мүше болу әлгі мемлекет үшін пайдасыз болуы мүмкін. Мемлекеттер әдетте ресми келісім-шарт арқылы одақ мүшесі болғандықтан, одақ өздері үшін пайдалы болмаса да одақтың міндеттемелерін орындауға мәжбүр болуы мүмкін. Екіншіден, одақтар, ұзақ мерзімде мүшелерінің саясаттарын шектеп олардың тәуелсіз саясат ұстануына кедергі болуы мүмкін. Бұндай жағдайда мемлекеттер, саясаттарын өзгерген шарттарға қарай реттеуде қиындыққа кездесуі мүмкін.

Одақтардың өмірі тұрғысында әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір көзқарас бойынша одақтар, қауіп ретінде қабылданған қатер жойылғаннан кейін ыдырап кетеді. Енді бір көзқарас бойынша одақтар қатерге негізделіп құрылғандықтан өмірлері қатердің өмірімен бірдей(Kegley ve Wittkopf,

1995: 470). Басқа бір көзқарас бойынша, одақтар қысқа мерзімді және тек бір қатерді ғана назарға алып құрылмайды. Бұл көзқарас, одақтарды ұзақ мерзімді және көптеген тақырыпты қамтыған коалициалар деп санайды. Ортақ Кеңес қатеріне қарсы құрылған НАТО-ның бұл қатер жойылғаннан кейін де миссиясын өзгертіп өмір сүруі, екінші көзқарастың дұрыс екендігін көрсетіп отыр.

Кейбір Реалист және Либерал ойшылдар, одақтардың қауіпті құрылымдар екенін және мемлекеттердің одақ құрудан не болмаса одаққа мүше болудан бойларын аулақ ұстау қажеттілігін айтуда. Бұлардың ойынша, одақтардан төнетін қауіптер мыналар:

- Одақтар, экспансионистік амбициясы бар мемлекеттерге өз күштерін арттыруға мүмкіндік беріп, басқыншылық саясат ұстануын жеңілдетуі мүмкін.
- Одақтар, бақталас мемлекетті арандатып қарсы одақ құрылуына себеп болады. Бұндай жағдай жүйедегі мемлекеттердің көбін одақтар арқылы бір-біріне байлап жүйелік соғыстың шығуына себеп болуы мүмкін. І-дүниежүзілік соғыстың шығуына одақтардың рол ойнағаны бұдан бұрынғы бөлімдерде айтылған.
- Одақтар, тарапсыз қалуды ойлаған мемлекеттерге қысым көрсетіп, оларды құрылған одақтардың біреуіне кіруге мәжбүрлеуі мүмкін.
- Реалистер, «бүгінгі одақтас ертең дұшпаның болуы мүмкін» қағидасының әруақыт жарамды екенін жақтап, одаққа мүшеліктің үнемі өзгеріске ұшырайтынын, бұның да жүйені тұрақсыздандыратынын айтуда.
- Соңғы қатер де одақ мүшелерін қадағалауға қатысты. Мүше мемлекеттердің жекелеген және агрессивті іс-қимылдары одаққа толықтай қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан олардың іс-қимылдарын үнемі бақылап, қадағалап отыру керек. Осы қадағалап отыру әруақыт оңай болмауы мүмкін және бір мүшенің ойсыз әрекеті одақты толығымен соғысқа итермелеуі мүмкін.

Мемлекеттердің Экономикалық Стратегиясы

Жалпы мемлекеттер қауіпсіздік мүддесімен қатар экономикалық мүдделерін қорғауға және халықтың әл-ауқатын арттыруға әрекет жасайды. Бүгінгі күні мемлекеттер өз әл-ауқатын қалай арттырады деген сұрақ өзекті тақырып болып отыр. Бұл бағытта мемлекеттердің ұстанатын стратегиясы бір-бірінен ерекшеленіп тұруы мүмкін. Бүгінгі күні мемлекеттердің экономикалық стратегияларының әртүрлі болып келуі көбінесе экономикалық қақтығыстардың да негізгі көзі болуда.

Отархия

Индустриализация дәуірінен бұрын мемлекеттер өздерінің экономикалық мүдделерін қорғау және әл-ауқатын арттыру мақсатында жүгінген стратегиялардың бірі болған. Бірақ бүгінгі күннің талаптарына жауап бере алмағандықтан қолданыстан шығып отыр. Экономикалық тұрғыда өзін өзі қамтамсыз ете алады деген мағынаны беретін Отархия - мемлекеттердің өз шикізаттарымен қанағаттануы және өзге мемлекеттерге деген тәуелдігін барынша азайтуды мақсат еткен стратегия болып табылады. Қырғи қабақ соғыс кезінде әсіресе Албания осындай саясат ұстануға тырысқан. Алайда бұл Албанияның экономикалық тұрғыдан үлкен дағдарысқа ұшырауына себеп болған. Қазіргі заманымыздағы жахандандудың нәтижесінде өзара тәуелділіктің артуы мемлекеттердің мұндай экономикалық оқшаулану саясатын ұстануын қиындатты.

Протекционизм

Мемлекеттердің халықаралық саудада ұстанатын тағы бір стратегияның біреуі де протекционизм болып табылады. Негізгі мақсаты жергілікті өнеркәсіпті күшейту және оларды халықаралық бақталастықтан қорғау болған протекционизм стратегиясы, бүгінгі күні көптеген мемлекет тарапынан әртүрлі формада қолданыста.

Мемлекеттер әртүрлі себептерге байланысты жергілікті өнеркәсіпті қорғау саясатын ұстануы мүмкін. Бұл себептер төмендегідей болуы мүмкін:

а. Протекционизм, маңызды жергілікті өнеркәсіпшілердің талаптары бойынша жүзеге асуы мүмкін. Жергілікті өнеркәсіпшілер халықаралық фирмалармен бақталаса алмағандықтан үкіметке қысым жасап, өнеркәсіптерінің қорғауын талап етуі мүмкін.

б. Екінші себеп, жас индустрия тезисі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттер өз

өнеркәсібін жетілдіру мақсатымен жаңа құрылған секторларды(өнеркәсіпті) өз аяғына тұрып кеткенге дейін және халықаралық нарықта бақталаса алатындай дәрежеге келгенге дейін қорғайды, қамқорлық көрсетеді. Мысалға, оңтүстік Кореяның автомобиль алыбы Hyundai алғаш құрылғанда үкімет тарапынан өте күшті қорғалған.

с. Мемлекеттер, жергілікті өнеркәсіпшілердің өзгеріп тұратын нарықтың шарттарына үйренісіп кетуін қамтамасыз ету мақсатымен уақытша мерзімге қорғау саясатын ұстануы мүмкін.

д. Мемлекет ұлттық қауіпсіздік үшін маңызы бар деп есептеген салаларды қорғауға алуы мүмкін. Мысалға, 1980-жылдарда АҚШ ұлттық қауіпсіздігі үшін маңызды деп есептеген электроника мен компьютер саласын Жапон фирмаларының бәсекесінен қорғау үшін ерекше саясат ұстанған.

е. Мемлекет өз өнеркәсібін шетелдік фирмалардың ашкөз аранынан құтқару мақсатымен ұстанады. Алып компаниялар өндірген өнімдерін өз құнынан төмен бағаға сату арқылы нарықтағы сол өнімді өндіруші өзге фирмаларды бәсекеге қабілеттігін төмендету арқылы банкротқа ұшыратады. Демпинг(Dumping) деп аталатын мұндай стратегия арқылы алып фирмалар шағын фирмаларды нарықтан ығыстырып, **монополия** орнатуды мақсат етеді және келешекте бағаларды қалауынша белгілей алады(Goldstein, 1999: 357-358).

Мемлекет протекционизм саясатын жүзеге асыру мақсатымен көптеген механизмдер мен құралдарды пайдалана алады. Импортталған өнімге *тариф* деп аталатын салықтың түрі, импортталған өнімнің мөлшерін азайту мақсатымен *квота* және жергілікті өнеркәсіпке ынталандыру мақсатымен берілген *субсидия* осындай құралдар мен механизмдер қатарына жатады.

Еркін сауда

Халықаралық сауданы ырықтандыру мәселесі халықаралық саяси экономика теориялары арасында ұзақ уақытқа созылған пікірталастардың негізгі түйінін қалыптастырады. 17 және 18 ғасырларда Еуропада танымал болған Меркантилизм теориясын бүгінгі күні көптеген мемлекеттер жақтауда. Бұл теория бойынша сауданың мақсаты елдің өз әл-ауқатын арттыру және өз өнеркәсібінің негізін қалыптастыру. Либералистердің көзқарасы бойынша сауданың мақсаты қоғамның әл-ауқатын арттыру болып табылады. Либерализм бойынша қоғамның әл-ауқаты тек **салыстырмалы артықшылықтар** қағидасына адал болса ғана арттыруға болады. Бұл қағида жүзеге асуы үшін сауданың еркін болу шартына тәуелді болғандықтан либералистер халықаралық еркін сауданы жақтауда.

1929 жылғы экономикалық дағдарыстан сабақ алған АҚШ, II. дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық еркін сауда режимдерін қалыптастыруға әрекет жасайды. Бреттон Вуд жүйесі деп аталатын жаңа экономикалық тәртіп бойынша WB (Халықаралық Банк), IMF (Халықаралық Валюта Қоры), GATT (1995-те ВТО болды) секілді құрылымдар осы мақсатқа байланысты құрылды. Әсіресе, **GATT режимі мемлекеттер арасындағы кедергілердің алып тасталуы үшін** қызмет етуде (Holsti, 1995: 101).

Бүгінгі күні, әсіресе марксистер еркін сауданың бай мемлекеттердің пайдасына қызмет етіп жатқанын, аз дамыған мемлекеттердің өз өнеркәсібін қалыптастыруына кедергі келтіріп, пақыр, кедей мемлекеттерді бай мемлекеттерге барған сайын тәуелді етіп жатқанын айтып, еркін саудадан бас тартуда.

Экономикалық коалициялар

Мемлекеттер кейде экономикалық мүдделерін қорғау мақсатымен бас қосып, өзара ынтымақтастық құрып жатады. Мұндай ынтымақтастықты бұрын аз дамыған мемлекеттер бай мемлекеттерге қарсы тұру үшін құрған болатын. Еркін сауданың бай мемлекеттердің пайдасына шешіліп жатқанын айтқан осы мемлекеттер G77 тобы аясында бір шаңыраққа шоғырланды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы және UNCTAD аясында экономикалық мүдделерін қорғау мақсатымен белсенді саясат ұстанды. Бүгінгі күні бұл мемлекеттердің саны 125-ке жуықтаған. Экономикалық тұрғыда дамымаған мемлекеттердің пайдасына реформа жасау қажеттілігін айтып, жаңа экономикалық тәртіптің қалыптастырылуын талап етуде (Mingst, 2008:174).

Картелдер

Мемлекеттердің ұстанған экономикалық стратегияның біреуі де картелдер құрайды. Картел - бір өнімді өндіруші не тұтынушылардың әлгі өнімнің жаһандық нарықтағы құнына ықпал жасау мақсатымен бір шаңырақтың астына жиналып құрылған қауымдастыққа, серіктестікке берілген ат.

Осындай картелдердің ішінде ең атақтысы ОПЕС(мұнайды экспорттаушы елдер ұйымы). 1973 және 1975 жылдары ОПЕС мемлекеттері мұнайды саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін құрал ретінде қолданған. 1973 жылғы Араб-Израиль соғысында Израильді қолдаған АҚШ пен Голландияға мұнай эмбаргосын жариялаған бұл мемлекеттер мұнайды саяси қару ретінде қолданған әрі мұнай бағасын көтеру арқылы түсетін пайдаларын да арттырған.

Аймақтық еркін сауда келісім-шарттары(Еркін сауда аймақтары)

Мемлекеттердің экономикалық салада ұстанған ең соңғы стратегия бір топ мемлекеттің бір шаңырақтың астында бірігіп, өз араларындағы сауда тосқауылдарын алып тастау. Жоғарыда айтылып кеткен Меркантилист-Либерал айтысы күні бүгінге дейін әлі жалғасуда. Сонымен қатар, кейбір мемлекеттер протекционистік саясатты жақтаса, кейбіреулері еркін сауданы жақтауда. Осыған байланысты, нағыз еркін сауданың жахандық тұрғыда қалыптасқанын айту қиындау. Өйткені, мемлекеттер әртүрлі экономикалық мүддені көздейді және сол мүдделеріне жету үшін әртүрлі стратегия ұстанады.

Осындай жағдайда, ортақ экономикалық мүддеге ие және географиялық тұрғыда бір жерге шоғырланған мемлекеттер өз араларында еркін сауданы дамыту мақсатымен еркін сауда аймағын қалыптастыра алады. Мұндай аймақтардың мақсаты мүше мемлекеттер арасында барлық сауда тосқауылдарын алып тастап кеден одағын жасау және ортақ нарық қалыптастыру. Мұндай үдерістің ең табыстысы әрі жемістісі 1957 жылы Рим келісім-шартымен құрылған Еуропа Одағы болып отыр. Алғашқы құрылған жылдары Еуропа Экономикалық Қауымдастығы ретінде танылған және экономикалық бірігуді мақсат еткен ұйым 1990-жылдардан бастап саяси тұрғыда бірігуді көздеп Еуропа Одағы деп атала бастады.

Осы бағыттағы жемісті мысал ретінде АҚШ, Мексика және Канаданың 1 Қаңтар 1994 жылы ресми келісім-шарт арқылы құрылған НАФТА ұйымын айтға болады. Осы келісім-шарт арқылы мүше мемлекеттер өз араларындағы саудада кеден салықтарын көрсетілген мерзім ішінде алып тастауды ұйғарған.

Мемлекеттердің сыртқы саясат құралдары

Мемлекеттер сыртқы саясатта қабылдаған стратегияларын іске асыру үшін кейбір саясат құралдарын пайдаланады. Бұл құралдар қатарында дипломатия секілді бейбіт құралдар болғаны секілді қарулы шабуыл да болуы мүмкін. Қандай құралды қолдану қажеттілігі мемлекеттің мақсатына, әлеуетіне немесе басқа да себептерге байланысты өзгеруі мүмкін. Бір мемлекеттің сыртқы саясатта қолдануы мүмкін құралдарды төмендегідей түрде көрсетуге болады.

Дипломатия

Дипломатия мемлекеттердің сыртқы саясатта қолданатын құралдардың басында орын алады. Қырғи қабақ соғыс кезінде, ядролық қарулардың таралуы қарулы қақтығыстардың шығынының артуына себеп болатындықтан қақтығыстардың бейбіт жолдармен шешілуін қарастыруға деген ниетті күшейтті.

8-тарауда жан-жақты айтылғандай, дипломатия мен сыртқы саясатты бір-бірімен жиі шатастырады. Дипломатия сыртқы саясаттың тек бір ғана құралы болып табылады. Мемлекеттер сыртқы саясат мақсаттарына жету әрі мүдделерін қорғау мақсатымен ой- пікірлерін, іс-қимылдарын немесе ұстанымдарын өзгерту немесе нығайтқысы келген мемлекеттермен дипломатиялық жолмен байланыс жасайды. Мемлекеттер осы мақсатта көптеген байланыс құралдарын пайдаланады. Жазбаша және визуалды БАҚ, халықаралық жиналыстар, халықаралық ұйымдар, брифингтер және т.б. құралдар жиі қолданылатын құралдар болып есептеледі. Дипломатия – мемлекеттердің өзге мемлекеттердің іс- қимылын не болмаса ой-пікірлерін қара күшке сүйенбестен өз мүддесіне тура лап қалыптастыру үшін ұдайы жүргізіп отырған жұмыстарды қамтитын өте кең ауқымды сала болып табылады.

Пропаганда

Бұқаралық саясаттың дамуы және әртүрлі елдердің адамдары арасындағы өзара әрекеттестіктің артуы сыртқы саясатты жүзеге асыруда қоғамдық пікір мен психологиялық факторларды назарда ұстау қажеттілігін көрсетті. Сыртқы саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруда бұқара халықтың, әртүрлі әлеуметтік топтар мен қысым топтарының(лоббилердің) ықпалы күшейген сайын, олар көндіруді қажет ететін мақсатты аудиторияға айналды. Бүгінгі таңда шешім

қабылдаушылар мен дипломаттар әртүрлі үгіт-насихат құралдарын пайдалана отырып, өз елінің азаматтарына көңіл бөлген секілді басқа елдердің азаматтарының, сол елдердегі әртүрлі этникалық немесе діни топтардың немесе қысым көрсету топтарының(лоббистардың) ойы мен іс-әрекеттеріне әсер етуге тырысады. Басқа елдердің азаматтарына бағытталған үгіт-насихаттың, пропаганданың негізгі мақсаты – сол ел азаматтарының өз үкіметіне қысым көрсетуін қамтамасыз ету арқылы сол елдің ой-өрісі мен іс-қимылын қажетті бағытта өзгерту.

Барлық елдер өз саясаттарының басқалар алдында беделін арттыру және сол арқылы саясаттарына халықаралық қолдау алу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Осынау үгіт-насихат жұмыстары ресми түрде жүргізілгені сияқты бейресми түрде де жүргізілуі мүмкін. Мәселен, Тибет монахтары ел-елді аралап, барған елдерінің билігі мен жұртшылығына өз жағдайларын түсіндіріп, халықаралық қауымдастықтың назарын өзіне аудара білген.

Экономикалық жеңілдіктер (преференция) мен санкциялар

Жаһанданумен бірге елдердің бір-біріне деген тәуелдігі арта бастады. Экономикалық әл-ауқатты арттыру көптеген елдер үшін басымдылық көрсететін саяси мәселелерінің бірі болды. Экономикалық белсенділіктің артуы көптеген елдердің әл-ауқатын арттыруға мүмкіндіктер туғызғанымен, сол елдердің осал тұстарын да арттырады.

Бүгінгі таңда әл-ауқат деңгейін өз ресурстарымен арттыруға немесе ұстап тұруға санаулы-ақ мемлекеттердің мүмкіндігі бар. Көптеген елдер үшін сыртқы сауданың, тікелей шетелдік инвестициялардың, қаржылық ағындар мен сыртқы көмектің өмірлік маңызы бар. Сырттан келетін осы ресурстардың бұзылуы экономикаларды күйреу шегіне дейін жеткізуі мүмкін. Сондықтан, әсіресе бай елдер өздерінің экономикалық ресурстарын сыртқы саясат құралы ретінде пайдаланудан тартынбайды. Экономикалық ресурстарды сыртқы саясат құралы ретінде пайдалану экономикалық мақсаттарда болғаны секілді саяси мақсаттарды жүзеге асыру үшін де болуы мүмкін. Мемлекеттер халықаралық экономикалық операцияларды манипуляциялау арқылы назарында ұстаған іс-әрекеттерін өзгертуге тырысады. Мысалға, бүгінде Батыс елдері Иранға қарсы экономикалық эмбарго қолдану арқылы жазалауда, әрі ядролық энергетика саласындағы жұмысын тоқтатуға мәжбүрлеуде. Дәл осындай эмбаргоны Солтүстік Кореяға қарсы қолдануда.

Экономикалық шараларды сыртқы саясат құралы ретінде қолдану тек жазалаумен шектелмейді. Мемлекеттер экономикалық жеңілдіктер беру арқылы басқалардың іс-әрекеттерін, ұстанымдарын өзгертуге тырысады. Сыртқы көмек, тарифтерді төмендету немесе саудадағы квоталарды кеңейту - мемлекеттердің белгілі бір іс-әрекетін, қимылын, ұстанымын марапаттауға бағытталған саясат.

Бүгінгі таңда экономикалық жазалау немесе марапаттау әдістері әртүрлі формаларда көрініс беруі мүмкін. Бұл әдістердің кейбірі:

Тарифтер. Тарифтер - мемлекеттердің басқа елден алған өнімдерге қойған салық болып табылады. Тарифтер арқылы мемлекеттер бір өнімнің бағасын арттырып әлгі өнімнің ел ішінде тұтыну деңгейін азайтуға әрекет жасайды. Мемлекеттер өздерінің сыртқы сауда тапшылығын жабу үшін тарифтерді қолданғаны секілді бір елді қыспаққа алу немесе марапаттау үшін пайдалана алады. Бір елден сатып алынатын тауарларға баж салығын көтеру сол тауардың бағасын жоғарылатады, бұл сол тауардың тұтынуын азайтады, сөйтіп тауар сатушы елдің экспортын азайтады. **Ал азаю керісінше әсер етіп, шыққан елге сыйақы береді.**

Квоталар. Квота – бұл елдің басқа елден сатып алатын тауар көлеміне қойған шектеулері. Елдер сырттан келетін тауарларға қолданатын квоталарды көбейту немесе азайту арқылы белгілі бір елдерді жазалау немесе марапаттау мақсатын ұстанады.

Бойкот: Мемлекеттердің қолданатын тағы бір әдісі – бойкот. Мемлекет басқа бір мемлекетпен араздасқан жағдайда сол елден импортталатын белгілі бір тауарды немесе барлық импорттық тауарларды сатып алуды тоқтату арқылы сол елді жазалау жолын таңдай алады. Мұндай әдіс егер бойкот жариялаған елге экспорт жоғары болса, айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Эмбарго: Бұл әдіс арқылы мемлекеттер, өз компанияларынан эмбаргоға ұшыраған елмен барлық экономикалық қатынастарды тоқтатуды талап ете алады. Бұл жағдайда эмбарго ұшыраған елмен сауда жасау қылмыс болып саналып, компаниялардың жасырын сауда жүргізуіне тосқауыл қойылады.

Қарыз және несиелер: Көптеген елдер бай елдерден немесе халықаралық қаржы құрылымдарынан қарыз алады. Қарыздарды немесе несиелерді беру немесе тоқтата тұру экономикалық ықпал ету құралы ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

Қара тізім: Кейбір елдер басқыншы, шатақ шығарушы елмен жұмыс істейтін шетелдік компанияларды қара тізімге енгізіп, сол компаниялармен сауда-саттық жасауды тоқтатуы мүмкін. Бұрын араб елдері Израильмен экономикалық байланыста болған шетелдік компанияларды қара тізімге енгізіп, сол компаниялардың өз елдерінде жұмыс істеуіне тыйым салған.

Активтерді бұғаттау: Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттер мен компаниялар активтерді басқа елдерде де сатып алады. Егер бұл активтер айтарлықтай мөлшерде болса, қандай да бір қақтығыс жағдайында олар кепілге айналады. Бұл активтер орналасқан елдер шатақ шығарушы елдердің осы активтерін бұғаттау арқылы сол елдерге әсер етуді көздейді.

Жоғарыда аталғандардан тысында мемлекеттер пайдалана алатын басқа да экономикалық әсер ету құралдары бар. Импорт/экспорт лицензиялары, активтерді бұғаттау(немесе тәркілеумен қорқыту), экономикалық және әскери көмектер осы құралдардың кейбірі болып табылады.

Жасырын іс-әрекеттер және ішкі істеріне қарулы араласу

Мемлекеттердің сыртқы саясатта қолданатын құралдарының соңғысы көздеген елде жасырын әрекеттер жасау немесе тікелей әскери шабуыл жасау болып табылады. Жасырын әрекеттер нысанадағы елде саяси дүрбелең тудыру, лаңкес топтарға қолдау көрсету немесе осы топ мүшелерін өз елінде оқытудан бастап, әскери төңкеріс ұйымдастыруға дейінгі көптеген әрекеттерді қамтиды. Мысалы, АҚШ көптеген елдердегі солшыл үкіметтерге қарсы күресіп жатқан топтарға әскери және қаржылық қолдау көрсетіп, өз мүдделеріне сай үкіметтерді билікке әкелуге тырысты. 1987 жылы Рональд Рейган әкімшілігі Иранмен дипломатиялық қарым-қатынастары болмағанымен, оларға қару-жарақ сатып, одан түскен кірісті Никарагуадағы солшыл үкіметке қарсы күресіп жатқан контрастарға аударғаны әшкере болып үлкен саяси жанжал тудырды. Сол сияқты АҚШ Орталық Барлау Басқармасының(CIA) 1953 жылы Ирандағы Мосаддық үкіметін және 1954 жылы Гватемаладағы солшыл үкіметті құлатуға қатысқаны белгілі.

Мемлекеттер, егер жоғарыда аталған әдістер ешқандай нәтиже бермеген жағдайда соңғы шара ретінде тікелей әскери шабуылға жүгіне алады. Бұл шабуылды бір мемлекет бастай алатыны секілді коалиция да бастауы мүмкін. Мысалы, 1991 жылы Кувейтті басып алған Иракқа қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымы және АҚШ басшылығымен шабуыл басталып, Ирак күштерінің Кувейтті тастап шығуын қамтамасыз еткен. 2003 жылы АҚШ, БҰҰ шешімі мен халықаралық мәміле болмастан біржақты түрде Иракқа басып кіріп, Саддам Хусейннің әкімшілігін құлатты. Бүгінгі күні мұндай әскери шабуылдар сирек қолданылғанымен, күш көрсету немесе күш қолдану қатері жиі қолданылатын әдістер қатарына жатқызуға болады.

Сыртқы Саясатқа Ықпал Етуші Факторлар

Бір мемлекеттің сыртқы саясат үдерісі мен іс-шаралары көптеген факторлардан әсерленуде. Бұл факторларды үш деңгейде талдауға болады: тұлғалық(индивидтік), мемлекет/қоғам және жүйе.

Тұлғалық деңгейдегі факторлар

Сыртқы саясатқа әсер ететін тұлғалық деңгейдегі факторларға саяси көшбасшылардың когнитивтік күйлері, сенімдері, идеологиялары, құндылықтары және тұлғалық қасиеттері сияқты факторлар жатады. Толығымен жеке тұлғаға тән болған бұл факторлар көшбасшылардың сыртқы саяси таңдаулары мен сыртқы саясатты жүзеге асыруына әсер етеді.

Біріншіден, әрбір жеке адамның психологиялық күйі, оның шындықты қабылдауы басқалардан ерекше. Шешім қабылдаушылар да қандай бір тақырып бойынша толық ақпаратқа ие болмағандықтан, мәселені өзінің тұрғысынан бағалайды және қолындағы бар ақпаратты өзінің түсініктеріне немесе қалауларына қарай тұжырымдайды. Бұндай жағдайда шешім қабылдаушылардың санасындағы психологиялық шындық пен объективті шындық арасында сәйкессіздік туындауы мүмкін.

Шешім қабылдаушылардың кез келген жағдайға қатысты ұстанымы да сыртқы саясат процесіне әсер етуі мүмкін. Шешім қабылдаушылардың басқа мемлекеттер туралы ойлары да олардың сол мемлекеттерге қатысты ұстанымын көрсетеді. Бұл ұстанымдар, шешім қабылдаушылардың басқа мемлекеттердің іс-қимылына қалай жауап беретінін және жағдайға байланысты өз мақсаттарын қалай анықтай алатынын қалыптастырғандықтан маңызды. Мысалы, шешім қабылдаушылардың жүйеде дос деп санайтын елдерінің іс-әрекетіне қатысты көрсететін реакциясы мен олар жау санайтын елдердің іс-әрекетіне қатысты көрсететін реакциядан мүлде басқаша болатыны анық.

Шешім қабылдаушылар ұстанатын құндылықтар, сенімдер мен идеологиялар да елдің сыртқы саясатында маңызды рөл атқара алады. Бұл факторлар тұлғалардың шындықты қабылдауларын қалыптастыратындықтан, көшбасшылар көбінесе сыртқы саяси шешімдерді осы факторларға сүйене отырып қабылдайды. Сондықтан, көшбасшылардың, өзгеше құндылықтарға, нанымдарға немесе идеологияларға ие ел мен көшбасшыларға деген көзқарасы мен ұстанымдары да әртүрлі болады десек қателеспеген болар едік.

Көшбасшылардың сыртқы саясатқа қатысты шешім қабылдауда, оны жүзеге асыруда психологиялық ерекшеліктері маңызды болғаны секілді тұлғалық ерекшеліктері де маңызды. Әрбір тұлға әртүрлі қабілет пен бейімділікке ие. Бұл қабілет пен бейімділік олардың кейбір бағытта табысты болуына, ал кейбір бағытта жолы болмауына себепші болады. Сыртқы саясатта шешім қабылдаушылар да әртүрлі қабілет пен бейімділікке ие. Бұл факторлар кейбір көшбасшылардың сыртқы саясатта әлдеқайда бейім әрі табысты болуын қамтамасыз етсе, өзгелерінің сәтсіздікке ұшырауына себеп болуда.

Әртүрлі пікірлерге төзімділік, қолда бар ақпаратты объективті түрде жіктеу және бағалау қабілеті, қыспақта тұрса да ұтымды ойлау қабілеті, тәуекелге бару, табандылық және сыртқы саясатқа қызығушылық сияқты тұлғалық ерекшеліктер көшбасшылардың сыртқы саясат жетістіктеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Мысалы, 1992-2000 жылдар аралығында АҚШ президенті болған Билл Клинтонның сыртқы саясатқа бейімділігі мен жетістігі АҚШ-тың және әлемнің қырғи-қабақ соғыстың аяқталуымен басталған аласапыран кезеңді жеңіл түрде еңсеруіне маңызды фактор болды. Кейінірек билікке келген Джордж Буштың сыртқы саясаттағы дәрменсіздігі АҚШ-ты Иракпен соғысқа итермелеп, әлемде антиамериканизмнің күшеюіне себепкер болып, АҚШ-тың әлемдегі беделіне нұқсан келтірді.

Мемлекет/қоғам деңгейіндегі факторлар

Мемлекеттердің өздеріне тән ерекшеліктері, сыртқы саяси мақсаттарына және оны жүзеге асыруына айтарлықтай әсер етеді. Бұл ерекшеліктерді төмендегідей тізбектеуге болады:

Географиялық және топографиялық факторлар

Географиялық және топографиялық факторлар бір мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және қауіпсіздік қажеттіліктерін анықтағандықтан сыртқы саясатқа айтарлықтай әсер етеді. Бір мемлекеттің геостратегиялық жағдайы, оның табиғи ресурстары, жерінің құнарлылығы мен ауа-райы елдің күш-қуатына оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.

Бір мемлекеттің географиялық жағдайы сол елдің халықаралық жүйедегі орнын айқындайтын ең тұрақты фактор болып табылады. Мысалы, АҚШ-тың географиялық орналасуы бұл елге ұзақ жылдар бойы оқшауланған сыртқы саясат жүргізуге мүмкіндік берді. Сол сияқты Түркияның географиялық орналасуы, әсіресе бұғаздарда тарихи амбициялары бар Ресейге көрші болуы, елдің сыртқы саясатта қауіпсіздікке бағытталған ұстанымды таңдауға және ресурстарының маңызды бөлігін қауіпсіздікке жұмсауына себеп болды. Германияның теңізге шыға алмайтын құрлықтық ел болуы Гитлердің экспансионистік сыртқы саясат ұстануында маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Бір елдің бай табиғи ресурстарға ие болуы, бір жағынан, елдің қуатын арттырса, екінші жағынан, оны осы ресурстары жоқ елдердің нысанасына айналуына себеп болуы мүмкін. Жапонияның табиғи ресурстардан ада аралдық мемлекет болуы бұл елді 1930 жылдардың басында Қытайға шабуыл жасап, Маньчжурияны басып алуында маңызды рөл атқарды. Бүгінгі таңда АҚШ секілді ірі мемлекеттердің Таяу Шығыстағы саясаты осы аймақтағы көптеген елдердің мұнай ресурстарымен анықталады.

Ұлыстық(ұлттық) ерекшеліктер

Мемлекеттердің территориялық көлемі, халқы, экономикалық көрсеткіштері және экономикалық даму деңгейі сияқты ұлттық ерекшеліктер де сыртқы саясатта маңызды факторлар болып табылады. Бүгінгі таңда АҚШ, Ресей, Қытай сияқты қуатты мемлекеттер географиялық жағынан үлкен, халқы көп, экономикалық көрсеткіштері жоғары елдер. Мұндай алпауыт державалар өздерінің ұлттық мүдделерін бүкіл тарих бойы және бүгінгі күні жаһандық деңгейде анықтауға бейім болды (Holsti, 1995: 257). Сондықтан қуатты мемлекеттердің халықаралық жүйені өз мүдделері үшін өзгертуге тырысуы, қажет кезде қарулы күш қолданудан тартынбауы қалыпты жағдай.

Бір елдің үлкен держава болуы үшін жер көлемі мен халқының саны жеткіліксіз. Үндістан аумағы мен халқы жағынан өте үлкен мемлекет болғанымен, ол супер держава болып саналмайды.

Ал шағын мемлекеттер ірі мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда пассивті сыртқы саясатты қалайды. Сондай-ақ алпауыт мемлекеттерге географиялық жақындығы бұл мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларын айқындайтын фактор болып табылады. Ірі мемлекетке іргелес жатқан шағын мемлекет үшін бұл мемлекетпен одақтасу – ұтымды сыртқы саяси стратегия болса, бәсекелес екі алпауыт державаның арасында қалған мемлекет үшін бейтараптық неғұрлым ұтымды сыртқы саясат стратегиясы болып табылады.

Режим түрі

Бір елдің саяси жүйесі оның сыртқы саяси шешім қабылдау процесіне және жүйедегі іс-қимылдарына әсер ететін факторлардың біреуі болып табылады. Бір елдің демократиялық немесе авторитарлық режимге ие болуы сыртқы саясатты талдау кезінде назарда ұстауды қажет ететін фактор.

Демократиялық мемлекеттердің сыртқы саяси процестері авторитарлық режимдер басқаратын мемлекеттерден айтарлықтай ерекшеленеді. Демократиялық режимдерде әдетте тежеу-тепе-теңдік жүйесі бар және сыртқы саясат процесінде көптеген субъектілер рөл атқарады. Көшбасшылар сыртқы саясатта таңдау жасар кезде мемлекеттің ішіндегі өзге құрылымдардың, оппозиция мен қоғам пікірінің ықпалымен әрекет етеді.

Авторитарлық елдерде шешім қабылдау процесіне өте аз акторлар қатысатындықтан, көшбасшылардың сыртқы саяси шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыруда әрекет ету еркіндігі әлдеқайда көп деп айта аламыз. Мұндай елдерде тиімді тежеу және тепе-теңдік жүйесі болмағандықтан, сыртқы саясат процесінде көшбасшылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері анағұрлым шешуші роль атқаруда.

Кейбір зерттеушілер, мемлекеттердің соғысқа бейімділігін анықтауда режимнің түрі маңызды критерий болып табылады деп тұжырымдаған. Бұл көзқарасқа мысал ретінде алдыңғы бөлімдерде айтылған және демократтардың бір-бірімен соғыспайтынын айтқан Демократиялық бейбітшілік теориясын келтіруге болады.

Қоғамдық пікір, лоби және БАҚ

Мемлекеттердің сыртқы саясатына қоғамдық пікірдің қаншалықты ықпал ететіндігі жөнінде жүргізілген зерттеулер нақты қорытындыға келді деп айту мүмкін емес. Зерттеулерден алынған нәтижелерге сәйкес, көшбасшылар сыртқы саясатта қоғамның тілектеріне толықтай бағынып та кетпейді не болмаса олардан толықтай тәуелсіз де әрекет етпейді.

Қоғамдық пікірдің сыртқы саясатқа ықпалы, қоғамның мәселені қаншалықты білуіне және сыртқы саясат мәселесінің сипатына қарай ерекшеленеді. Зерттеулер көрсеткендей, әлемнің барлық дерлік елдерінде бұқара халықтың көпшілігінде сыртқы саясат мәселелерін бағалау үшін жеткілікті білім жоқ. Дегенмен, өте шағын топ сыртқы саясат мәселелеріне қызығушылық танытады. Қалың бұқараның белгілі бір мәселелер бойынша әрекет етуі және мемлекеттің сыртқы саясатына әсер етуі көбінесе осы азшылықтан шыққан пікір көшбасшыларының тиімділігіне байланысты. Сол сияқты ел ішіндегі қысым топтары (лоббилер) өздерін толғандыратын мәселелер бойынша жиналыстар мен шерулер ұйымдастыру арқылы жұртшылықты белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға тырысуы мүмкін. Мысалы, Түркияның босниялықтарды қырғынға ұшыратқан Сербияға қарсы халықаралық аренада белсенді түрде роль ойнауына көптеген факторлармен қатар Түркиядағы босниялық ұйымдар, бірлестіктер мен басқа да қысым топтарының елдің ішінде ұйымдастырған әртүрлі акциялар мен шерулер әсер еткен. Түркияда, Түркияның Еуропа Одағына мүше болуын қолдап, билікке келген үкіметтердің бұл мақсаттан ауытқымауы үшін жұмыс істейтін көптеген үкіметтік емес ұйымдар бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары да сыртқы саясат мәселелеріне қоғамның назарын аудару, көшбасшыларға қысым көрсету және мемлекеттердің сыртқы саяси ұстанымдарын өзгерте алатын әсерге ие. CNN және BBC сияқты беделді және ықпалды БАҚ елдердің сыртқы саяси ұстанымдарына айтарлықтай әсер ететіні жалпы алғанда қабылданған. Мысалы, сыртқы саясат әдебиетінде жаңадан қолданысқа енген «CNN Effect» ұғымы БАҚ ұйымдарының сыртқы саясатқа әсерін сипаттау үшін жиі қолданылады.

Қоғамдық пікір, қысым топтары мен бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттердің сыртқы саясатына ықпал етеді деген аргумент сол елдер демократиялық режимдермен басқарылады деген

болжамда ғана жарамды. Басшылардың қоғам алдында жауапкершілігі жоқ, ақпарат ағыны мемлекет тарапынан шектеліп, үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне тыйым салынған авторитарлық режимдерде бұл факторлардың сыртқы саясатқа әсері туралы айту мүмкін емес.

Жүйелік деңгейдегі факторлар

Мемлекеттердің сыртқы саясатына әсер ететін жүйелік факторлардың біріншісі – жүйедегі күштің бөлінуі. Жүйедегі жалпы күш құрылымы мемлекеттердің сыртқы саясатта ұстанатын стратегияларды таңдауын күшейтуі немесе шектеуі мүмкін. Әсіресе, қатаң поляризация болған жүйелерде (қырғи-қабақ соғыстың алғашқы жылдары сияқты) шағын мемлекеттердің жүйедегі алпауыт державалардың еркіне қарсы стратегия қабылдауы өте қиын. Қауіпсіздігі үшін бәсекелес альянстардың біріне мүше болуға мәжбүр қалған мемлекеттер алпауыт мемлекеттердің қалауы бойынша сыртқы саясатты ұстануға мәжбүр. Бұл талаптарды орындамаған мемлекеттер жазаланады. Мысалы, 1956 жылы Варшава келісімінен шығып, тәуелсіз сыртқы саясат ұстанғысы келген Венгрия Кеңес Одағының басқыншылығына ұшырайды. Жұмсақ поляризацияға ие жүйелерде шағын мемлекеттердің тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуі әлдеқайда оңайырақ. Сонымен қатар, күш иерархиясы аз байқалатын жүйелерде шағын мемлекеттер халықаралық күн тәртібін анықтауда рөл атқара алады және өз мәселелерін шешу үшін үлкен мемлекеттерге қысым көрсете алады.

Бүгінгі таңда халықаралық ұйымдардың да мемлекеттердің сыртқы саясатында ықпалы артып келеді. Ұйымдар мемлекеттердің сыртқы саясатына үш түрлі әсер етеді деуге болады. Біріншіден, халықаралық ұйымдарды мемлекеттер сыртқы саясат құралы ретінде пайдалана алады. Бүгінде ірі мемлекеттер өздерінің кейбір сыртқы саяси әрекеттерін заңдастыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының мақұлдауын алу қажеттілігін сезінеді. Екіншіден, халықаралық ұйымдар мемлекеттер арасында делдал болып, олардың сыртқы саяси ұстанымдарын өзгертуіне себепші бола алады. Ұйымдар кейбір елдердің сыртқы саяси әрекетін шектей немесе жеңілдетеді алады. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы шағын мемлекеттердің проблемаларын көтеруде үлкен рөл атқарады. Ақырында, халықаралық ұйымдар белгілі бір мәселелер бойынша халықаралық режимдердің (ережелер, нормалар, үміттер) қалыптасуына ықпал етеді және мемлекеттердің осы ережелер аясында өздерінің сыртқы саясатын қайта анықтауына себепші болады.

Мемлекеттердің сыртқы саясатына әсер ететін тағы бір жүйелік фактор халықаралық экономикалық жүйенің құрылымымен байланысты. Мемлекеттердің халықаралық немесе аймақтық экономикалық жүйелерге интеграциялану дәрежесі барған сайын артып, сыртқы саясатта маңызды роль ойнай бастады. Еуропалық Одақ сияқты аймақтық экономикалық ұйымдарға немесе Дүниежүзілік Сауда Ұйымы сияқты жаһандық экономикалық ұйымдарға мүше болу мемлекеттерден осы ұйымдардың динамикасына сәйкес экономикалық саясаттарын өзгертуді талап етеді. Сонымен қатар, мемлекеттердің жаһандық экономикалық жүйеге интеграциялануы өздеріндегі экономикалық қиындықтарды еңсеру үшін ХВҚ(IMF) немесе Дүниежүзілік банк сияқты қаржы институттары немесе жүйедегі ықпалды алпауыт державалардан экономикалық көмек, қарыз немесе несие алуды жеңілдетеді.

Өзімізді сынайық

1. Төмендегілердің қайсысы, сыртқы саясат пен дипломатия арасындағы байланысты ең жақсы түрде сипаттауда?
 - a. Дипломатия сыртқы саясатты бағыттаған іс-әрекет саласы
 - b. Сыртқы саясат дипломатияның құралы
 - c. Дипломатия сыртқы саясаттың бір құралы
 - d. Сыртқы саясат тек дипломаттар арқылы жүргізіледі
 - e. Сыртқы саясат пен дипломатия бір бірінен тәуелсіз
2. Бірдей қоғам не болмаса саяси режимге ие мемлекеттердің сыртқы саяси әрекеттерінің де бірдей болып болмағанын зерттейтін қандай сала?

- a. Салыстырмалы сыртқы саясат анализі
 - b. Сыртқы саясат анализі
 - c. Саясат білімі
 - d. Шешім қабылдау моделдері
 - e. Мәдени зерттеу жұмыстары
3. Төмендегілердің қайсысы мемлекеттердің сыртқы саясатының өмірлік маңызы бар мақсат қатарына кіреді?
- a. Жүйеде статуска ие болу
 - b. Абыройын арттыру
 - c. Өз мәдени құндылықтарын жаю
 - d. Өзінің идеологиясын жаю
 - e. Экономикалық мүдделерін қорғау
4. Төмендегілердің қайсысы мемлекеттердің статус пен абыройдың қайнар көзі болып есептелмейді?
- a. әскери күш
 - b. халық саны
 - c. ғылыми даму
 - d. технологиялық даму
 - e. экономикалық даму
5. Оқшаулану стратегиясының ең маңызды мақсаты не?
- a. мемлекеттің басқа мемлекеттерге тәуелдігін азайту
 - b. экономикалық тұрғыда өзін өзі қамтамасыз ету
 - c. әскери тұрғыда өзін жеткілікті көру
 - d. потенциалды дұшпандардың назар аударуынан қашу
 - e. өзге мемлекеттерге қысым көрсету
6. Ұдайы(әрдайым) бейтарап мемлекет пен бейтарап мемлекет арасындағы ең маңызды айырмашылығы не?
- a. әрдайым бейтарап саяси, бейтарап құқықи жағдайды білдіреді.
 - b. әрдайым бейтарап құқықи, бейтарап саяси жағдайды білдіреді
 - c. әрдайым бейтарап мемлекеттердің еркіне байланысты болса, бейтараптықта үлкен мемлекеттердің ықпалы бар
 - d. бейтарап халықаралық құқықпен құрылатын болса, әрдайым бейтарап бір жақты түрде өз еркін білдіру арқылы құрылады
 - e. әрдайым бейтарап құқықпен қорғауға алынбаса, бейтарап құқықпен қорғауға алынған
7. Төмендегілердің қайсысы Қосылмайтындар қозғалысына жетекшілік жасаған мемлекет?
- a. АҚШ
 - b. Кеңестер Одағы
 - c. Мысыр
 - d. Түркия
 - e. Швецария

8. Төмендегілердің қайсысы, одақтастықтың әрекеттеріне жатпайды?
- a. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
 - b. Мүшелердің қорғаныс күшін арттыру
 - c. Потенциалды шабуылшылардың бетін қайтару(тежеу)
 - d. Күш тепе-теңдігін құру
 - e. Потенциалды дұшпандарды оқшаулау
9. Төмендегілердің қайсысы, мемлекеттердің экономикалық протекционизм стратегиясын ұстануға себеп емес?
- a. жергілікті өндірісшілердің талабы
 - b. ұлыстың қауіпсіздігі
 - c. жас индустрия тезисі
 - d. бір өнімде монополия қалыптастыру
 - e. шетелдік фирмалардың жалмауыздық әрекетінен қорғану
10. Төмендегілердің қайсысы мемлекеттердің сыртқы саясат құралдарына жатпайды?
- a. Дипломатия
 - b. Экономикалық жаза
 - c. Экономикалық марапат
 - d. Жасырын(күпия) әрекеттер
 - e. Халықаралық құқық

Өзімізді сынайықтың жауап кілттері

- 1. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 2. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 3. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 4. b Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 5. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттердің сыртқы саясат стратегиялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 6. b Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 7. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 8. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 9. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 10. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.

Сіздің кезегіңіз жауап кілті

Кезек сізде 1

Бүгінгі таңда мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төндіретін факторлардың көбеюіне орай осы жаңа қауіп-қатерлерге қарсы мемлекеттерді әртүрлі қауіпсіздік стратегияларын жетілдіруді мәжбүр етуде. Қауіпсіздіктің классикалық тұжырымдамасы ұлттық қауіпсіздікке, аумақтық тұтастыққа немесе саяси тәуелсіздікке қауіп төндіретін қатерлерге қарсы стратегияларды жетілдірді. Бұл стратегиялардың ішінде әскери күш бірінші орында тұр. Алайда бүгінгі күні мемлекеттердің кибершабуылдар, эпидемиялар және қоршаған ортаның ластануы сияқты қауіпсіздік қатерлерімен жалғыз өзі күресуі мүмкін емес. Осыған байланысты мемлекеттер өздерінің қауіпсіздік саясатын басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты қамтитындай түрде өзгертуге мәжбүр болды.

Кезек сізде 2

Бүгінгі таңда халықаралық сауданың ұлғаюымен және әл-ауқатты мемлекет ұғымының алдыңғы қатарға шығуымен экономикалық қатынастардың маңыздылығы арта түсуде. Атап айтқанда, жаһандану, мемлекеттердің экономикалық және саяси жағынан бір-біріне тәуелді болуынан туындады, бұл өз кезегінде мемлекеттердің экономикалық оқшаулану саясатын жүргізуін қиындатты. Қазіргі замандағы индустриалды дамыған елдердің өзі индустрияландырудың негізі болып табылатын энергетикалық ресурстарға ие болмағандықтан басқа елдерге тәуелді. Бұл жағдай осы елдердің табиғи ресурстарға ие елдерге қатысты сыртқы саясаттарына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар осы ресурстарға ие елдердің қауіпсіздік мәселесінде үлкен мемлекеттерге тәуелді болуына итермелеуде.

Кезек сізде 3

Әскери басқыншылық сирек қолданылса да, бүгінгі күні тиімді стратегия емес. Мұның себептерін былайша тізбектеуге болады: Біріншіден, жаппай қырып-жоятын қарудың кең етек жаюы мемлекеттердің қарулы басқыншылық жасаудың шығынын арттырды. Мемлекеттердің, көбінесе осы қаруды өндіруге және оларды қолдану нәтижесінде туындайтын шығындарды жабуға күші жетпейді.

Екіншіден, халықаралық жүйеде экономикалық қатынастардың маңыздылығының барған сайын артуы бай елдерге экономикалық құралдарды әлдеқайда аз шығынмен пайдалануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, халықаралық ұйымдардың тиімділігінің артуы бұл ұйымдардың мемлекеттер арасындағы қақтығыстарда делдал рөлін алуға және бейбіт дипломатиялық құралдарды жиі қолдануға итермеледі.

Кезек сізде 4

Сыртқы саясатқа әсер ететін мемлекет/қоғам деңгейіндегі факторлар, мемлекеттердің сыртқы саясатындағы жүйелік факторлардың әсеріне оң немесе теріс бағытта ықпал етуі мүмкін. Географиялық жағдайы қолайсыз, табиғи ресурстары жоқ шағын мемлекеттер, бұндай жағдайда болмаған елдерге қарағанда халықаралық факторлардың ықпалында әлдеқайда көбірек қалуда. Сонымен қатар, ұлттық жағынан қолайсыз жағдайда тұрған елдер халықаралық ұйымдарға көбірек жүгінетіндіктен бұндай ұйымдардың таралуына және тиімділігін арттыруға көбірек ынталы болады деп айтуға болады. Авторитарлық мемлекеттерге қарағанда демократиялық мемлекеттер жүйелік қысымға әлдеқайда төзімді деуге болады. Өйткені халықаралық құқық пен ұйымдар демократиялық құндылықтарды қолдаған кезде, авторитарлық режимдердің бірте-бірте жүйеден шығауына, оқшаулануына себепші болады.

Кезек сізде 5

Көшбасшылардың психологиялық және тұлғалық ерекшеліктері сыртқы саясатта рационалды шешім қабылдауға кедергі келтіретін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Рухани денсаулығы, идеологиялар, сенімдер мен құндылық пайымдаулар көшбасшылардың рационалды(ұтымды) шешімдер қабылдауына кедергі келтіретін ең үлкен факторлар болып табылады. Сонымен қатар, шешім қабылдау процесінде ықпалы болған институттар мен бюрократтар да өз мүдделерін назарға ала отырып шешімдерге әсер етеді және нәтижеде өз мүдделеріне сай, бірақ рационалды(ұтымды) емес шешімдердің алынуына себеп болады.

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатқа қатысты көзқарастар және мәселермен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін жіктеңіздер.

БӨЖ тапсырмалары: Рационалды шешім қабылдау моделі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi. 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014, 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar